

өсіп жатқан қызығушылық соңғы кездері газды сұйық отынға түрлендіру бойынша кәсіпорындардың кеңеюіне себепші болды. Бұл ауданның көшбасшылары Shell және Sasof-Chevron компаниялары. Shell және Qatar Petroleum компаниялары Катарда сұйық отынды шығаратын завод салмақшы, ол туралы Shell компаниясы 2002 жылы жариялаған. Өнімділігі тәулігіне 75 мың баррель заводты пайдалануға енгізу 2007 жылға жоспарлануда. Қазіргі кезде сұйық отынды өндіру бойынша екі завод бар оның біреуі Малайзияда, екіншісі ОАР-да. Завод North ірі кен орнынан газ алатын болады. Sasof-Chevron компаниясы Ras Laffan-да қуаты күніне 34 мың баррель заводты салуды жоспарлауда. Жобаның бағасы 800 млн \$. Exxon Mobile компаниясы қуаты тәулігіне 80 мың баррель сұйық өндіру бойынша завод салуды пайдалануға енгізу 2007 жылға белгіленген.

СПГ өндірісіне келгенде Катар 2010 жылға дейін өз өнім берулерін жылына 45 млн. тоннаға дейін жоғарылатады.

### ***Сауд Арабиясы***

*Мұнай.* Сауд Арабиясы мұнайдың дәлелденген қорының 264,2 млрд баррельіне ие, ол әлемнің төрттен бір бөлігін құрайды. Онда 80-нен астам мұнай және газ кен орындары болғанымен, оның мұнай қорларының жартысынан астамы 8 кен орындарында шоғырланған: Air Dar, Ulhraaniah, Farzan, Ghavar, Al Udayliyah, Hawiyah, Haradh. Тек бір ғана Ghavar кен орны елдегі мұнай өнімнің тең жартысын қамтамасыз етеді.

Сауд Арабиясы ауыр және жеңіл мұнайды өндіреді. Жеңіл мұнай алудың жалпы көлемінің 65%-70%-ын құрайды. Аса жеңіл мұнай құрлықта алынады, орта және ауыр негізінен шельфтерде Ziluf кен орнының бұл Арабиялық Орта мұнайы, сонымен қатар Safa кен орнының Арабиялық ауыр мұнайы.

Бейтарап аумақта мұнайдың дәлелденген қорларының шамамен 5 млрд баррельі бар. Жапониямен бірлесіп мұнайды өндіру Khatji және Hout екі кен орындарында жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Сауд Арабиясы Бахрейнмен бірлесіп Abu Safa шельфті кен орнында мұнайды өндіреді.

Сауд Арабиясы АҚШ-ты, Еуропаны және Жапонияны мұнаймен қамдауда басты рөл атқарады. Бірақ соңғы жылдары Батыс жартышар елдері (Венесуэла, Канада, Мексика) АҚШ-ты мұнаймен қамтамасыз ету жағдайын Араб елдеріне деген тәуелділіктен өзгертті.

АҚШ-қа импорттауда Сауд Арабиясының мұнайының жалпы үлесі 2002 жылы 16,8%-ды құрады, ал 2001 жылы 17,3% болған. Мұнайдың 40%-ын, сонымен қатар мұнайды қайта өңдеу өнімдерінің үлкен бөлігін Сауд Арабиясы Азияға экспорттайды. Мәні бойынша екінші экспорттаушы АҚШ, одан кейін Еуропа елдері. Сауд Арабиясының мақсаты БАӘ шекарасында орналасқан Shaybah кен орнын қоса отырып жеңіл мұнай кен орынарын жасау.

Араб мұнайының үлкен бөлігі Абакайкада дайындықтан өтіп, Парсы шығанағынан экспортталады. Мұнай терминалдары Парсы шығанағының Раз Танура жағалауында, Ras al-Jaumah және Янбиде Қызыл